

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша «Жаратылыстану ғылымдарына саяхат» тақырыбында жаратылыстану бағытындағы пәндердің өткізген онкүндігінің хабарламасы.

“Бірлік орта мектебі” мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша “Жаратылыстану ғылымдарына саяхат ” тақырыбында 16.01.23-28.01.23 аралығында география, химия , биология, математика, информатика және физика пәндерінің апталығы өтті.



Апталықтың мақсаты жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша үлгілі сабақтар мен сыныптан тыс іс шараларда оқытудың заманауи технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сабақтан тыс тақырыптар бойынша қызығушылығын ояту, ізденіс жолға жетелеу. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатта, бәсекелестікте көшбасшылық дарынын айқындау.

Апталық жоспар бойынша нақтыланған іс шаралар кезегімен өтілді. Үлгілі сабақтар мен сыныптан тыс іс - шаралар кезеңімен, интернет платформаларын пайдалану арқылы жүргізілді.

16.01.23ж күні мектепте апталықтың ашылуы болып, жұмыс жоспары мектеп директорымен бекітілді.

19.01.23ж күні химия пәні мұғалімі Жортинбаева Фериде «Қарапайым заттармен тәжірибе жүргізу» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жұмыс бойынша сұрақтарға белсене қатысқан 9 «а» сынып оқушысы Жанат Елнұр мақтау қағазымен марапатталды.

20.01.23 күні химия пәнінен Жортинбаева Фериде Газизовна «Электролит» тақырыбында 10 «а» сынып оқушыларымен үлгілі сабақ өткізді. Сабақта жаңа технологиялармен әдіс тәсілдер: «расворд» әдісі, «бәйге» әдісі. «сәйкестендір» әдісі және «Learningapps», «Wordwool» платформалары тиімді қолданылды. Үлгілі сабақ бойынша талдау

жұмыстары, сабақтың өтілу барысы, сабақтың құрылымына жақсы кері байланыс беріліп, «өте жақсы» деп бағаланды. Берілген ұсыныс: оқушыларға практикалық жұмыстар үйлестіру, оқушыларды көп сөйлету, сөйлеу дағдыларын кеңейту.



23.01.23ж күні география пәнінің мұғалімі Ибрагімова Бақытгүл «Қазақстанның топырақ түрлері» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді. Үлгілі сабақта заманауи платформа «Learningapp», «ZipGrade» және оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында «Мозайка», «Сәйкестендіру» әдістерін тиімді қолданды. Сабақты талдауда тиімді жақтары заманауи платформаны тиімді қолдануда, уақыт үнемдеу. Ұсыныс: оқушылардың айтылым дағдыларын кеңейту.

24.01.23 ж күні география пәнінен «Қызықты география» тақырыбында бірнеше ойын тапсырмаларын ұйымдастырды. Оның ішінде мемлекет турларын табу, картамен жұмыс т.б тапсырмалары үйлестірілді. Белсенділік танытып алға шыққан оқушылар: Мақсатұлы Нұрболат, Жана Елнұр, Серік Құралай, Қыдыркелді Жан, Әшімжан Талант.



28.01.23ж күні жаратылыстану пәндерінің география, химия және биология пәндері бойынша қорытынды кезеңі өткізіліп, 9-11 сынып оқушылар арасында «Білімді ұрпақ болашақтың кепілі» атты интеллектуалдык іс-шара өткізілді. Сайыс кезеңі бес кезеңнен тұрды. Оқушылар арасынан топтар ұйымдастырылып сайысқа белсене қатысты. Қорытынды бойынша:

Топы: «Дарын»

II орын: «Жас ғалымдар»

III орын: «Жалын» жеңімпаздар анықталып, мадақ сөздер айтылды.




23.01.2023ж. күні информатика пәнінің мұғалімі Қайырат Дария 10-сыныпта «HTML-ге кіріспе» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді. <https://wordwall.net/ru/> платформасы арқылы сұрақтар қойылушылардан жауап алынды. Сабақ бес сатыдан тұрды:

- Ой жүйрік.
- Көзбен көру, саусақпен көрсету.
- Сен маған, мен саған!
- Ойынмен ойлан!.
- Мені тында!.


Әр сатынын тапсырмаларына келетін болсақ, «Ой жүйрік» кезеңінде әр топқа пазл берілді. Пазлды құрастыру арқылы тапсырма, аудио дауыспен берілді. Жауабы видеомен көрсетіліп, дұрыс тапқан топтар дәлелденген балл қосылып отырды. Көзбен көру, саусақпен көрсету сатысында, өз көздерімен көру мен естуге <https://www.classtools.net/vortex/202102-k18U9K> сілтемесін саусақ арқылы әр топқа код шешу берілді. Сонда бүгінгі сабағымызды мазмұнын толығымен түсініп, жауабын интернеттің көмегімен бірден көрсетіліп тұрды. «Сен маған, мен саған!» сатысында әр топқа формула енгізуге байланысты есептер жазды. 5 минут уақыты әр топ қанша формула жазғаны есептелінді. Әр формулаға бір балмен есептеліп, «Html» тобы ең көп формула жазғандары үшін мадақталды. «Ойынмен ойлан!» сергіту жаттығуларын жасау қажет. Жаттығу ойын құрастырумен қызық болды. Соңғы кезең «Мені тында!» экранда берілген аудио дыбысымен оқылған бүгінгі тақырыптан не үйрендің?, не білдің?, не қызық болды? сұрақтарына әр топ өз шешімдерін тындатып, екі жұлдыз, үш тілек арқылы өз өздерін, бір бірлерін бағалап ортаға салды. Жоғары ұмай балымен есептелінген «Html» тобы жеңіске жетті. Сабақ жоғарғы деңгейде өтті.

негізгі мақсаты: Компьютерлік сауаттылығы мен іскерлігі, танымдық қабілетті, логикалық сауаттылықты дамыта отырып, білімге деген қызығушылықты, белсенділікпен арттыру арқылы топпен жұмыс жүргізіп, бірін – бірі тыңдауға, сыйлауға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.



24.01.2023 күні информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гүлзира 6-сыныпта «Деректердің типтері» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Сабақта үй тапсырмасын бірінші «[SlidesMania](#)» платформаның көмегімен «Қазынаны тап» ойыны арқылы сұрақтар қойып, оқушылардан жауап алды. Екінші тапсырманы «[LearningApps.org](#)» платформасымен «Сәйкестендіру» жасады. Әр дұрыс жауапқа оқушылар ұпайларын алып отырды.



Үлгілі сабақтың типі жаңа сабақ. Сабақты оқушыларға презентация және видеосабақ арқылы түсіндірілді. Оқушылар анықтамаларын дәптерге жазып компьютерде 1,2-тапсырманы жұппен орындап шықты.

Сабақты бекіту үшін «WordWall» платформасы пайдаланып оқушыларға сұрақтар қойылды. Сабақтың соңында оқушылардың бағалап кері байланыс алынды.



Қорытынды: сабақ мақсатына жетті. Оқушылар Python тілінің синтаксисін пайдаланып, программа жазды және берілген программаның кодын жазды, тексерді.

Берілген ұсыныс: оқушыларды көп сөйлету, сөйлеу дағдыларын кеңейту.


26.01.2023ж. күні информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гүлзира информатика пәнінен 7-8-сыныптар арасында «Білгірлер» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді. Қатысушылар сынып бойынша топтарға бөлінді. Әр сыныптан екі оқушыдан қатысты. 7а-сынып «WhatsApp», 7ә-сынып «Компьютер», 8а-сынып «Facebook», 8ә-сынып «Модем» тобы болып бөлінді. Сұрақтар «JeopardyLabs» платформа арқылы жасалды. Сайыста әр топ кезек-кезек ұяшықтарды тандап, ұяшықта жасырылған сұрақтарға жауап беру арқылы жеңіске жетті. Оқушылар сайысқа белсене қатысып, білімдерін шыңдады.

Қорытынды бойынша:

I орын: «WhatsApp»

II орын: «Модем»

III орын: «Компьютер» жеңімпаздар анықталып, марапатталды.



19.01.2023ж. күні физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гүлмайра 9а-ә сыныптар арасында сыныптан тыс «Қызықты физика» интеллектуалды сайыс сабағын өткізді.

Сайыс кезендері:

1. Таныстыру (топтың аты, ұраны, эмблема, қорғау)
2. «Сырлы сауалдар» сұрақ-жауап
3. «Ғажайып сандықша»
4. Мақал- мәтелдер.
5. Сергіту сәті (Кел, күлейік)
6. «КІМ ТАПҚЫР!» (Ой жинақтау).
7. Тәжірибе жасау

Оқушылар сайысқа өте жақсы дайындалған. Топтың аттары, ұраны және эмблемалары оқушылардың шығармашылық деңгейін көрсетіп және қарсыластарына дайындап келген тәжірибелерді көрсетіп қана қоймай қойылған сұрақтарға жауаптарын негіздей білді. Бұл сайыста оқушылар білімдерін шындап шығармашылықтарын дамыта білді.

20.01.2023ж. күні физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гүлмайра физика пәнінен 7"А" сыныпта «Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы» тақырыбында үлгілі сабағын өткізді

Сабақ барысында өткенді қайталауда **“Қайталау-оқу анасы”** әдісін “Wordwall” платформасында **“Викторина”** ойын арқылы жүргізді.

“Ой қозғау” әдісінде А.Құнанбаевтың «Қансонарда бүркітші шығарды аяңға»

Сегіз найза қолында, көз ауырмай,
Батыр да аял қылмай ертең тыңға.
Қанат құйрық суылдап, ысырады,
Көктен қыран сорғалап құйып жанда

шу мағымен оқушыларға ойларын айтқызып жана тақырыптың мағынасын байланыстырды.


“Ой толғау” әдісі. (топтық жұмыс) Әр қатарға слайдтан суреттер сұрақтарымен берілді. Оқушылар суреттегі сұрақтарға жауап беріп, өзіндік ойларын, пікірлерін, жауаптарын осы өтіп жатқан “қысым” тақырыпты өмірдегі жағдаяттармен байланыстырып негіздеді.

Сергіту сәті. **“Пантамимо”** Әр қатардан оқушылар шығып дайын тұрған қима қағазда жазылған сөздерге қимылдар арқылы түсіндірелі. Оқушылар жазырын сөздерді тапты.

“Кім жылдам?” әдісі (деңгейлік тапсырмалар, жеке жұмыс) Оқушылар жеке жұмыс жасап, алған теориялық білімдерін практикада есеп шығаруда қолданды.

Жетістік саты» стратегиясы бойынша рефлексия жүргізді.

МЕН ОСЫ САБАҚТА ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ БОЛДЫМ?



Әзірлеу Оқушылар осы сабақты қаншалықты түсінгендерін, өз ойларын қағазға жазып, бүгінгі сабақтан алған деңгейін жетістік сатыға жаздырды. Үлгілі сабақ бойынша талдау жұмыстары, сабақтың өтілу барысы, сабақтың құрылымына жақсы кері байланыс беріліп, өте жақсы»